

КЕЛІСІЛДІ



А.А Мурзатаева



ЖШС "Амина-2011"

**2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**қазақ тілінде білім алатын
«Балапан» ересек топ**

Қосшы қ.

1 кезең (Қыркүйек, Қазан, Қараша)

№	Ұйымдастырылған қызмет / Факультативтік курстар 1 кезең	Ұйымдастырылған іс әрекетінің міндеттері		
		Қыркүйек	Қазан	Қараша
ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУ				
1	«Дене шынықтыру»	<p>Бұрын үйретілген жаттығуларды қайталау, бекіту, қимыл біліктері мен дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығуларды: жетілдіру, іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар жасау.</p> <p>Негізгі қимылдар: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру.</p>	<p>Бұрын үйретілген жаттығуларды қайталау, бекіту, қимыл біліктері мен дағдыларын жетілдіруді жалғастыру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығуларды: жалғастыру, іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар жасау.</p> <p>Негізгі қимылдар: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыруды жалғастыру.</p>	<p>Үйретілген жаттығуларды қайталау, бекіту, қимыл біліктері мен дағдыларын жетілдіруді жалғастыру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығуларды: жалғастыру, іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар жасау.</p> <p>Негізгі қимылдар: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: музыка ырғағына сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау.</p>
КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ				
2	«Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет»	<p>Айналасындағы адамдармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: тыңдауды, айтуды, оқуды, ана тіліне тән барлық дыбыстарды айта білуді жетілдіру.</p>	<p>Қазақ халқының және басқа халықтардың салт-дәстүрлерін, мәдениетін құметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: дыбыстардың нақты артикуляциясын, интонациялық мәнерлігін қалыптастыру.</p>	<p>Әрекеттердің алуан түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуді дамыту.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: берілген дыбысқа сөз таңдауға, сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра білуге үйрету.</p>

		Шығармалардың эмоционалды-бейнелік: мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу.	Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы, қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін қалыптастыру.	Қазақ халқының, ұлттар мен ұлыстардың салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті туралы ауыз әдебиеті шығармалары негізінде түсінік беру.
3	«Қазақ тілі»	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге, ол сөздерді қолдана білуге үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ұ, ү, і, ғ, ң, ь дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздік қор: қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың (қазақ киіз үйі оның ішіндегі кейбір заттар туралы), жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың атауларын айту.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге, ол сөздерді қолдана білуге үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ұ, ү, і, ғ, ң, ь дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру. Сөздік қор: қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың (қазақ киіз үйі оның ішіндегі кейбір заттар туралы), жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың атауларын есте сақтауды жетілдіру.	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға, тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Сөздік қор: қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың атауларын жетілдіре отырып, заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.

ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ЗИЯТКЕРЛІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ

4	«Математика негіздері»	Ақыл-ой әрекетінің тәсілдерін жаттықтыру (талдау, біріктіру, салыстыру, жалпылау, топтастыру, құрастыру, қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру. Жиын: санның белгілі бір заттың өлшемін көрсететін көрсеткіш екендігі, жиын түрлі элементтерден құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту. Сан, санау: математикалық терминдерді қолдана білуді қалыптастыру. 6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру.	Таным процестерін: зейінді, есті, қабылдауды, шығармашылық қабілеттерін, қиялды дамыту. Сан, санау: математикалық терминдерді қолдана білуді қалыптастыру. 5 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. Кеңістікте бағдарлау: кеңістік ұғымдарын бекіту. Қағаз бетінде бағдарлай білу дағдыларын қалыптастыру.	Табиғат әлеміне танымдық: қызығушылықты, қоршаған ортаға қарым-қатынасы бойынша өз әрекетінің кейбір қарапайым нәтижесін көре білуге жаттықтыру. Кеңістікте бағдарлау: кеңістік ұғымдарын бекіту. Қағаз бетінде бағдарлай білу дағдыларын қалыптастыру. Шама: заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын белгілей білуге, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету.
---	------------------------	---	---	--

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН, ЗЕРТТЕУ ІС ӘРЕКЕТІН ДАМУ

5	«Құрастыру»	Болашақта жасалатын құрылысты талдай	Құрылыс материалдарынан, конструктор	Құрастыру бөлшектерінің негізгі
---	-------------	--------------------------------------	--------------------------------------	---------------------------------

		білу, оларды орындау реттілігін белгілеу және оның негізінде нысан жасау. Дағдыларын қалыптастыру: болашақта жасалатын құрылысты талдай білу.	бөлшектерінен құрастыру. Дағдыларын қалыптастыру: шамасы бойынша әртүрлі құрылыстардың нұсқаларын жасай білу.	бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету. Дағдыларын қалыптастыру: түрлі үйлестіру арқылы сіріңке қораптарынан заттар құрастыру.
6	«Сурет салу»	Балаларды елестету және заттарға қарап гүлдер, көкөністер, күрделі емес ойыншықтар сұлбасын өздеріне тән ерекшеліктерін сақтай отырып салуға үйрету. Заттық сурет салу: балаларды елестету және заттарға қарап гүлдер, көкөністер, күрделі емес ойыншықтар сұлбасын өздеріне тән ерекшеліктерін сақтай отырып салуға үйрету. Сәндік сурет салу: түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды бекіту.	Балалардың өнер туындыларын қабылдау қабілеттілігін, эмоционалды қатынасын дамыту. Заттық сурет салу: серуен кезіндегі бақылаудан кейін - ағаштың күзгі жапырақтары, үй, трамвай, автобус; серуен мен саяхат кезінде алған әсерлерін суретте бейнелеу; Сәндік сурет салу: түрлі өлшемдегі өрнекті элементтерді үйлестіру, ақ және түрлі түсті қолдана отырып, түстерді таңдауды қолдану.	Балалардың түсінуіне жақын өнерімен таныстыру, халық ойыншықтары туралы түсініктерін кеңейту. Заттық сурет салу: пішіндер туралы білімдеріне сүйене отырып, негізгі пішінін, түстер туралы біліміне сүйене отырып, заттардың түстерді таңдауға үйрету. Сәндік сурет салу: қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету.
7	«Мүсіндеу»	Балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды, көкөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеуге қалыптастыру. Сәндік мүсіндеу: балаларды халық ойыншықтарымен таныстыру, ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету.	Балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды, көкөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеуге қалыптастыру. Сәндік мүсіндеу: халықтық ойыншықтар желісі бойынша бейнелер жасауға үйрету.	Бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мүсіндеуге қалыптастыру. Сәндік мүсіндеу: мүсінді бейнені безендірудің тәсілдерін өз қалауы бойынша таңдауды ұсыну.
8	«Жапсыру»	Түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету. Сәндік аппликация: түрлі пішіндегі	Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту: жолақшаларды тікбұрыштар етіп қию, шаршыларды үшбұрышты етіп қию.	Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту: шаршы тікбұрыштың шеттерін қию арқылы дөңгелек пен сопақша пішіндерді қиып алу.

		қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету.	Сәндік аппликация: бөліктерден бейнелерді құрастыру, мерекелерге арнап үй-жайды безендіру үшін ұжымдық жұмыстарды орындау.	Сәндік аппликация: ұлттық кілемдерді, ас тақтайшаларын, сүлгілерді, қуыршақтарға арналған ыдыс-аяқтарды, ыдыс-аяқ сақтайтын сөмкелерді, қымыз құятын ыдыстарды (торсық) үйрету.
9	«Музыка»	Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту, қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру. Ән айту: дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау.	Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. Ән айту: септима мен терция дыбыстарын ажырату, қолымен бағытын (жоғары- төмен) көрсете отырып, әуеннің жоғарғы- төменгі қозғалысын ажырату. Музыкалық-ырғақтық қимылдар музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау.	Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту, қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру. Ән айту: әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау.
ӘЛЕУМЕТТІК ЭМОЦИОНАЛДЫ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ				
10	«Қоршаған ортамен танысу»	Жеке тұлғаның әлеуметтік қасиеттерін дамыту: ынтымақтастық, қоршаған ортаға қамқорлық көрсету. Туыстық байланыс, өзінің жасын, толық аты-жөнін, тегін, ата- анасының, отбасы мүшелерінің аты-жөнін, балабақша, топ атауын, нөмірін айта білу.	Жеке тұлғаның әлеуметтік қасиеттерін дамыту: бастамашылдық, дербестік, әлеуметтік икемділік, мәдениетті және экологиялық сауаттылық. Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау. заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру.	Құрдастары мен ересектердің арасындағы қарым-қатынастың жалпы қабылданған қарапайым нормалары мен ережелерін үйрету. Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсінік беру.
ФАКУЛЬТАТИВТІК КУРС				
11	«4+,KZ,1.0с: Ағылшын тілі (факультатив 1bilim.kz)»	Қазақстанның және Ұлыбританияның туымен, тілімен, салтымен таныстыру және әңгімелеу. Диалог арқылы тілдесу. Тілге деген құрметпен қарау.	Балаларды «Аңдар» тақырыбындағы жаңа сөздермен таныстыру. Үй жануарларды ажырата білуге үйрету және атау. Сұраққа жауап беруді үйрету.	Балаларға сандарды, түстерді танытып оларды дұрыс атауды үйрету. Жабайы жануарларды атауларымен таныстыру, үй және жабайы

		Балаларды ағылшын тілінде мұғалімен, бір-бірімен амандасуға, қоштасуға үйрету. Жаңа лексикалық сөздерді үйрету.	Балаларға сандар 1-6, жануарларды қайталап, тура және кері санауды үйрету.	жануарларды ажырата білуге үйрету. Сұрағын қоюды және оған дұрыс жауап беруді үйрету.
12	«4+,KZ,0.5с: Орыс тілі (факультатив 1bilim.kz)»	"Менің балабақшам" тақырыбы бойынша балалардың сөздік қорын жандандыру және кеңейту, тәрбиеші - ересек дос және мұғалім ұғымын қалыптастыру. "Ойыншықтар" тақырыбы бойынша балалардың сөздік қорын бекіту. Дауыссыз дыбыстардың дұрыс айтылуын бекіту [с, з, с, з]	Балаларға үйдегі заттар туралы түсінік беруге, оларды дұрыс атауға үйрету. Сұраққа толық сөйлеммен жауап беруге үйрету. Жемістерді атауға, оларға жемісті сипаттайтын сын есімдерді таңдауға үйрету.	Орыс тілін түсінуді, «қандай?» деген сұраққа жауап беруді үйрету. Балаларды " Сіздің атыңыз кім?", отбасы мүшелерін атаңыз, сөйлеу кезінде іс-қимыл сөздерін қолдану
13	«4+,KZ,1.0с: Өнегелі ұрпақ (факультатив 1bilim.kz)»	Ерте замандардан бері қазақ халқының тарихи қалыптасқан ерекшеліктері. Ақынжандылық, өнерпаздық, шешендік, дарындылыққа тәрбиелеу. Қазақ халқының амандасу түрлерімен таныстыру. «Кеш жарық», «Қайырлы таң» т.б. айтуға үйрету. Балаларға туыстық атаулармен таныстыра отырып, дұрыс атауға үйрету,туыстық атаулар білімдерін шыңдай түсу.	Балаларды жыл мезгілдерінің атауларымен таныстыра отырып, жыл мезгіліне қатысты айтылған тілектердің мағынасын түсіндіру. Өсімдіктерге байланысты нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру, жадында ұстауға үйрету.	Ұлттық тағамдар туралы түсіндіру, Ұннан жасалған ұлттық тағамдарды ажырата білуге үйрету. Санамақ мағынасын түсіндіру, жатқа мәнерлеп айтуға үйрету.

2 кезең (Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан)

№	Ұйымдастырылған қызмет / Факультативтік курстар 2 кезең	Ұйымдастырылған іс әрекетінің міндеттері		
		Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан
ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУ				
1	«Дене шынықтыру»	<p>Балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығуларды: қол және иық белдеуіне, кеудеге, аяққа арналған жаттығулар жасау. Дене жаттығуларын орындауға белсенділік танытады.</p> <p>Негізгі қимылдар: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеу, тепе-теңдікті сақтау, ырғақтық жаттығулардың негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыру.</p>	<p>Балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыруды жалғастыру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығуларды: : қол және иық белдеуіне, кеудеге, аяққа арналған жаттығулар жасау. Дене жаттығуларын орындауға белсенділік ті жалғастыру</p> <p>Негізгі қимылдар: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеу, тепе-теңдікті сақтау, ырғақтық жаттығулардың негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды қалыптастыруды жалғастыру.</p>	<p>Үйретілген жаттығуларды қайталау, бекіту, қимыл біліктері мен дағдыларын жетілдіруді жалғастыру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығуларды: қол және иық белдеуіне, кеудеге, аяққа арналған жаттығулар жасау. Дене жаттығуларын орындауға белсенділік ті жалғастыру Түрлі тапсырмаларды орындайды.</p> <p>Негізгі қимылдар: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеу, тепе-теңдікті сақтау, ырғақтық жаттығулардың негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды орындауды дамыту.</p> <p>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p>
КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ				
2	«Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет»	<p>Еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл күйін жеткізеді;</p>	<p>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен байыту.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</p>	<p>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету</p>

		<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, барлық дыбыстарды айта білуді жетілдіру.</p> <p>Шығармалардың эмоционалды-бейнелік: Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.</p>	<p>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, барлық дыбыстарды айта білуді жетілдіру жалғастыру.</p> <p>Шығармалардың эмоционалды-бейнелік: Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу, кейіпкерлеріне жанашырлық таныту.</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.</p> <p>Шығармалардың эмоционалды-бейнелік: Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс- әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.</p>
3	«Қазақ тілі»	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор: Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>Сөздік қор: Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыруды жетілдіру.</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға, тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.</p> <p>Сөздік қор: Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.</p>
ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ЗИЯТКЕРЛІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ				
4	«Математика негіздері»	<p>Танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;</p> <p>Жиын: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан</p>	<p>Заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзбен өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;</p> <p>Сан, санау: 5-ке дейін реттік санау</p>	<p>Сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету;</p> <p>Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен),</p>

		<p>тұратындығы туралы түсінік беру</p> <p>Сан, санау: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге үйрету.</p>	<p>дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.</p> <p>Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру қалыптастыру.</p>	<p>заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p>Шама: Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыруды үйрету.</p>
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН, ЗЕРТТЕУ ІС ӘРЕКЕТІН ДАМУ				
5	«Құрастыру»	<p>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен таныстыру.</p> <p>Дағдыларын қалыптастыру: құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау</p>	<p>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру.</p> <p>Дағдыларын қалыптастыру: құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдауға үйрету.</p>	<p>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.</p> <p>Дағдыларын қалыптастыру: құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p>
6	«Сурет салу»	<p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.</p> <p>Заттық сурет салу: Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту.</p> <p>Сәндік сурет салу: Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру,</p>	<p>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына қызығушылықты дамыту.</p> <p>Заттық сурет салу: Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру.</p>	<p>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.</p> <p>Заттық сурет салу: Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен</p>

		элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтауды үйрету.	Сәндік сурет салу: Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.	таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Сәндік сурет салу: Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.
7	«Мүсіндеу»	Мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды; ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндейді; Сәндік мүсіндеу: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру.	Мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды; ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеуді жалғастыру. Сәндік мүсіндеу: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.	Мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды; ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндейді; бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді. Сәндік мүсіндеу: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.
8	«Жапсыру»	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Сәндік аппликация: Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру.	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамытуды жалғастыру. Сәндік аппликация: Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Заттарды дайын пішіндердің көмегімен және өз бетінше ойдан қиып жапсырады; Сәндік аппликация: Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.
9	«Музыка»	Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау	Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау	Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау

		(музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Ән айту: Балаларды мәнгерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру	(музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету Ән айту: Балаларды мәнгерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен жүруді жетілдіру.	(музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу. Ән айту: Балаларды мәнгерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру;
--	--	---	---	--

ӘЛЕУМЕТТІК ЭМОЦИОНАЛДЫ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

10	«Қоршаған ортамен танысу»	Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру. Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау. Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру.	Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау. Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңдайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.	Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру Көлік, байланыс құралдары. Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.
----	----------------------------------	--	--	--

ФАКУЛЬТАТИВТІК КУРС

11	«4+,KZ,1.0с: Ағылшын тілі	Жабайы аңдардың аттарын атауды	Өлең, ән, санмақтар арқылы балалардың	Балалар ағылшын тілінде отбас
----	----------------------------------	--------------------------------	---------------------------------------	-------------------------------

	(факультатив 1bilim.kz)»	<p>үйрету. Олардың түстерін анықтап және көлемін “big” немесе “little” деп атап айтуды үйрету. Балалардың қамқорлық сезімдерін ояту.</p> <p>Көпше түрін қолдана білу. Тілді құрметтеу. Баланың қызуғышылығын арттыру</p> <p>Сұрақтарға жауап беруді үйрету. Where are you from? – Сен қайдан боласың? Where do you live? – Сен қайда тұрасың? Көрнекі- бейнелі ойлауды, көріп есте сақтауды жетілдіру, ой-өрісін өрістетуге мүмкіндік беру. Өз қаласына, еліне деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.</p>	<p>сөздік қорын жаңа сөздермен толықтыру. Беске дейін санауды үйрету.</p> <p>Балаларды ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға үйрету. Балалардың ойлау және есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p>Дененің мүшелері туралы жаңа сөздермен танысу.</p>	<p>мүшелерін, оларды жақсы көретіндері туралы айта білуге үйрету. Отбасы мүшелерін дұрыс айтуға үйрету. Балалардың тілге деген қызығушылығын оятып, жанжақтылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Сөйлемнің құрылымдарын түсінуді және қолдануды үйрету. Сөздік қорларын кеңейту, сұрақ қойып, оған дұрыс жауап беруге жаттықтыру. Балаларды сыйластыққа тәрбиелеу.</p>
12	«4+, KZ, 0.5с: Орыс тілі (факультатив 1bilim.kz)»	<p>"Ойыншықтар", «Жемістер, «Көкөністер» тақырыбы бойынша балалардың сөздік қорын бекіту. Зейінді, көрнекі есте сақтауды және логикалық ойлауды дамыту, дауыссыз дыбыстардың дұрыс дыбысталуын бекіту.</p> <p>Зейіннің тұрақтылығын, қиялын дамыту; орыс тілінде сөйлеуге, еңбекқорлыққа және еңбекке құрметке тәрбиелеу.</p>	<p>Әр түрлі іс-шаралар арқылы балалардың мүмкіндіктері мен шығармашылық қабілеттерін ашу.</p> <p>-- Балалардың қиялын, зейінін, есте сақтау қабілетін және сөйлеуін дамытуға ықпал ету.</p> <p>Орыс тілінің барлық дыбыстарының дұрыс айтылуын, қарапайым және жалпы сөйлемдерді құрастыру дағдыларын жетілдіру,</p>	<p>Табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты ынталандыру және дамыту; балалардың туған өлкесінің табиғатының сұлулығына эмоционалды реакциясын ояту; табиғатқа деген сүйіспеншілік пен ұқыптылыққа тәрбиелеу, дыбысты айтуды жетілдіру; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту;.</p> <p>Отбасы мүшелерін орыс тілінде дұрыс атауға үйрету, балаларды сұрақтар қоюға, оларға жауап беруге үйрету.</p>
13	«4+, KZ, 1.0с: Өнегелі ұрпақ (факультатив 1bilim.kz)»	<p>Ел, жер туралы айтылған мақал-мәтел, өлеңінің мағынасын түсіндіру, жатқа айтуға үйрету.</p> <p>Ұлттық киімдердің атауларымен таныстыра отырып, ер адамдар мен әйел адамдардың ұлттық киімдерін айыра білуге үйрету.</p>	<p>Өсімдіктерге байланысты нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру, жадында ұстауға үйрету.</p>	<p>Ұлттық ойындар туралы түсіндіре отырып, балаларға «Ақ серек, көк серек» ойыны арқылы жануарлар туралы түсініктерін кеңейте түсу.</p>

3 кезең (Наурыз, Сәуір, Мамыр)

№	Ұйымдастырылған қызмет / Факультативтік курстар 3 кезең	Ұйымдастырылған іс әрекетінің міндеттері		
		Наурыз	Сәуір	Мамыр
ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУ				
1	«Дене шынықтыру»	<p>Сапта бір-бірден жүру, жүгіру, секіру, бағытын, қарқынын өзгертіп отыру, қол мен аяқтың қозғалысын үйлестіру дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығуларды: қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту.</p> <p>Негізгі қимылдар: Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру.</p>	<p>Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығуларды: допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).</p> <p>Негізгі қимылдар: етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу.</p>	<p>Құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығуларды: аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру.</p> <p>Негізгі қимылдар: Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.</p>
КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ				
2	«Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет»	<p>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға</p>	<p>Белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету.</p>	<p>Затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары</p>

		<p>жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p> <p>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту.</p> <p>Шығармалардың эмоционалды-бейнелік: Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу.</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).</p> <p>Шығармалардың эмоционалды-бейнелік: Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.</p>	<p>бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.</p> <p>Шығармалардың эмоционалды-бейнелік: мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.</p>
3	«Қазақ тілі»	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға, тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.</p> <p>Сөздік қор: Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық және дауыс аппараттын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> <p>Сөздік қор: Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың</p>	<p>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Сөздік қор: Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.</p>

			олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.	Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.
ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ЗИЯТКЕРЛІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУ				
4	«Математика негіздері»	<p>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p>Жиын: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p>Сан, санау: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге үйретуді жалғастыру. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.</p>	<p>Танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шығаруға баулу;</p> <p>Сан, санау: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.</p> <p>Кеңістікте бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).</p>	<p>Сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету;</p> <p>Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Шама: Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.</p>
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН, ЗЕРТТЕУ ІС ӘРЕКЕТІН ДАМУ				
5	«Құрастыру»	Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында	Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында	Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында

		<p>қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Дағдыларын қалыптастыру: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.</p>	<p>міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдануды дамыту.</p> <p>Дағдыларын қалыптастыру: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ер- тұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.</p>	<p>міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.</p> <p>Дағдыларын қалыптастыру: Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p>
6	«Сурет салу»	<p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салуды жалғастыру.</p> <p>Заттық сурет салу: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p> <p>Сәндік сурет салу: Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету.</p>	<p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.</p> <p>Заттық сурет салу: Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бүршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.</p> <p>Сәндік сурет салу: Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу.</p>	<p>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p>Заттық сурет салу: «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.</p> <p>Сәндік сурет салу: Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып,</p>

				жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.
7	«Мүсіндеу»	<p>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып бейнелерді мүсіндейді;</p> <p>Сәндік мүсіндеу: Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.</p> <p>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p>	<p>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.</p> <p>Сәндік мүсіндеу: Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.</p>	<p>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.</p> <p>Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.</p> <p>Сәндік мүсіндеу: Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p>
8	«Жапсыру»	<p>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.</p> <p>Сәндік аппликация: Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.</p>	<p>Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.</p> <p>Сәндік аппликация: Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.</p>	<p>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру.</p> <p>Сәндік аппликация: Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.</p>
9	«Музыка»	Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау музыкалық шығарманың мәнерлі	Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау музыкалық шығарманың мәнерлі	Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау музыкалық шығарманың мәнерлі

	<p>құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам)</p> <p>Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету (тәрбиешіні көмегімен).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.</p>	<p>құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу.</p> <p>Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.</p>	<p>құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.</p> <p>Ән айту: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.</p>
--	---	---	---

ӘЛЕУМЕТТІК ЭМОЦИОНАЛДЫ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

10	«Қоршаған ортамен танысу»	<p>Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу.</p> <p>Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы</p>	<p>Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету.</p> <p>Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау.</p>	<p>Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің</p>
----	---------------------------	--	--	--

		түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру.	Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу.	жақындарына мақтаныш сезімін білдіру. Көлік, байланыс құралдары. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір.
ФАКУЛЬТАТИВТІК КУРС				
11	«4+,KZ,1.0с: Ағылшын тілі (факультатив 1bilim.kz)»	Балалардың қандай мерекелерді білетіндерін анықтау, әр мерекенің ерекшелігі бар екенің түсіндіру. Әр мереке қарсаңында ән мен өлең жаттау. Балаларға үй құстары туралы түсінік беру, білімдерін жетілдіру, Күнде көріп жүрген үй құстарына жеке-жеке тоқталу. Ағылшынша мағлұмат беру. Балаларға дала құстары туралы түсінік беріп, күнде көріп жүрген дала құстарына жеке-жеке тоқталу. Ағылшынша атауларымен таныстыру.	Балаларға жыл мезгілінің бірі -қыс мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Көктемгі киімдерге қысқаша тоқталу, атауларын айтқызу. Балаларға өлеңді әнімен айтқызу. Балаларды жан-жақтылыққа тәрбиелеу. Балаларға спорт туралы түсінік беріп, оның адам өміріне маңыздылығын айтып түсіндіру, спорт түрлерімен жеке-жеке таныстыру.	Балаларды «Азық-түлік» тақырыбындағы лексикамен таныстыру. Балалардың жыл бойы алған білімдерін анықтау. Әр тақырып бойынша қысқаша тоқталу. Олардың сөздік қорларын қалыптастыру. Артикуляциялық аппараттарын жаттықтыру. Танымдық қабілеттерін, ой қорытындысын жасау.
12	«4+,KZ,0.5с: Орыс тілі (факультатив 1bilim.kz)»	Балалардың орысша ауызша сөйлеуін дамытуды жалғастыру, иллюстрацияларды тексеру арқылы «Көктем», «Наурыз» тақырыптары бойынша балалардың сөздік қорын байыту, ауызша-логикалық ойлауын,	«Көлік» тақырыбы бойынша балалар сөздігін толықтыру, суреттер бойынша үйлесімді мәтін құра білу, көліктер мен көлік бөліктерін атай білу, орыс тіліндегі етістіктер мен сын есімдерді таңдауды үйрену; зейіннің ауыспалылығын,	Балалардың жыл мезгілдері туралы орыс тілінде алған білімдерін бекіту: «Жаз» тақырыбы бойынша иллюстрацияларды тексеру арқылы балалардың сөздік қорын байыту, сөздік-логикалық ойлауын, қиялын, байланыстыра

		қиялын, үйлесімді сөйлеуін дамыту, табиғат әлеміне танымдық қызығушылықтарын ояту және дамыту. ; Балаларда туған өлке табиғатының сұлулығына эмоционалды реакцияны ояту; табиғатты сүйеге, құрметтеуге тәрбиелеу, балаларды жағымды эмоцияларға тәрбиелеу, оқу дағдыларын дамыту, Наурыз мейрамы, ұлттық тағамдар (наурыз көже, бауырсақ, бесбармақ, т.б.) туралы орыс тілінде сөйлеуге үйрету, балаларды жағымды эмоцияларға тәрбиелеу, оқу іс-әрекетін қалыптастыру. дағдылар.	үйлесімді сөйлеуін дамыту, сөйлеуді қимыл-қозғалыспен үйлестіру, қызығушылыққа, табандылыққа, жеке тапсырмаларды орындауда дербестікке тәрбиелеу, есте сақтау және зейінін, фонетикалық есту қабілетін дамыту, ч, ш, ш, с дауыссыз дыбыстарының дұрыс айтылуын бекіту. ауызша сөйлеуде.	сөйлеуін, логикалық ойлауын дамыту. Жаз мезгілі туралы әңгімелеу, орыс тілінде жаз туралы, гүлдену, құстар мен жәндіктердің табиғаттың маусымдық өзгерістеріне бейімделуі туралы түсініктер беру, сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру, бір-бірін тыңдай білу, балаларды жағымды эмоцияларға тәрбиелеу. оқу дағдыларын қалыптастыру.
13	«4+,KZ,1.0с: Өнегелі ұрпақ (факультатив 1bilim.kz)»	Өтірік өлең мазмұның талдау арқылы өтірік пен шындықты ажырата білуге үйрету. Балалардың қызығушылықтарын арттыру. Наурыз мерекесі жайында түсініктерін кеңейте түсу. Мереке қарсаңында болатын іс- шаралар жөнінде мағлұмат беру.	Көктем туралы түсініктерін кеңейту, табиғатқа байланысты айтылған нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру. Аспан денелері туралы түсініктерін кеңейте отырып, аспан денелеріне байланысты жұмбақтарды шешуге үйрету.	Дастарқан басында айтылатын бата тілектермен таныстыру, мәдениетті тамақтануға үйрету. Батырлар туралы түсініктерін жетілдіре отырып, батырлар және олардың қару-жарақтарымен (садақ, қалқан, қылыш т.б.) таныстыру.